

Қызмет бабында пайдалану үшін Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 11 қазан 1994 ж. N 1159

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі республикалық жүйенің қызметін басқару жүйесі мен ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған

ақпараттық басқару жүйесін (ТЖ ААБЖ) құру мен дамытудың беріліп отырған тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері ТЖ ААБЖ-сін құрудың және дамытудың негізгі міндеттеріне сәйкес ТЖ ААБЖ-сінің аумақтың буындарын құру жөніндегі жұмыс бағдарламаларын әзірлеп, 1994 жылдың 30 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитетіне ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

РҚАО-ның ескертуі: "Қызмет бабында пайдалану үшін" грифімен берілген қосымша Деректер базасына енгізілмейді.